

**Қазақстан Республикасы білім және ғылым
министрлігі**

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

пән атауы

КӨЛІК ЛОГИСТИКАСЫ

тақырыбы: «Автокөлік кәсіпорнынның
микрологистикалық жүйесін дамытудың
әдістері мен пішімдері »

А.Н. Данияров атындағы «Өнеркәсіптік көлік»
кафедрасының профессоры: Балғабеков Төлеу
Күнжолұлы

Дәрістің жоспары:

- 1.Автокөлік кешеніндегі
логистиканың дамуы.
- 2.Автокөлік логистикасын
дамытудағы шаралар.
- 3.Математикалық ойлауды
қолданып жүйені бейнелеу.

Мәтін бойынша

- Көлік кешендері қандай да бір мемлекет болмасын оның экономикасында, саяси және әлеуметтік мәселелерінде маңызды орын алады. Дүние жүзіндегі дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғаны, сол елдердің дамуына бірден бір себепші болып отырған, осы көлік кешендерінің заман талабына сәйкес өсуі. Елбасының 2008 жылғы Қазақстан халқына жолдауында, бұл сала даму стратегиясының арнаулы бағыты ретінде аталып, автокөлік инфрақұрылымдарын дамыту, соның ішінде автожол саласын қаржыландыруға мемлекет тұңғыш рет 10 млрд.-қа жуық АҚШ долларын бөліп отырғанын атап өтіп, көлік-логистикалық кластерін дамытуды тапсырған.

- Аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер белгіленді:
- көлік логистикасының кешендік дамуы мен зерттелуі және болашағына талдау жасап, дүние жүзіндегі дамыған елдердің іс-тәжірибесін және қабылданар шаралардың тиімділігі мен орындалар мүмкіндігін анықтау;
- қолданыстағы әдістемелер мен амалдарды қорытындылап, аймақтағы әлеуметтік-экономикалық ауылшаруашылық көлік-логистикасы жүйесін негіздеу және ықшамдау арқылы тиімділігін арттыру;
- автокөлік—логистикалық жүйесі тізбегіндегі технологиялық үрдістер мен автокөліктердің техникалық—экономикалық көрсеткіштерін логистика жүйесі тиімділігіне тигізер әсерлерін анықтау және оларды іске асырып, басқару жүйесінің ғылыми-теориялық негізін анықтау;
- автокөлік логистикалық жүйесінің деңгейіне сәйкес ақпараттар, қаржы, мамандар мен материалдар ағымдарын ықшамдау және автокөлік кәсіпорындарының экономикалық—қаржылық тұрақтылығының бейнесін дамыту.

Тасымалдаудың көптеген түрі

- Елімізде темір жолмен тасымалдаудың өзіндік құны, салыстырмалы түрде алғанда ең арзаны. Бірақ автокөлікпен жүк және жолаушы тасымалдау көлік жүйесі бойынша бірінші орында. Автокөлікпен жүк тасымалдаудың артықшылығы: тасымалды ұйымдастыруға жұмсалатын қаржының аздығы, көліктің оралымдылығы, жоғарылығы және жүкті жөнелтушіден қабылдаушыға дейін түсіріп қайта тиемей, бірден баратын жеріне жеткізіп бере алатындығы және көліктің теміржол, су жолы түрлеріне қарағанда жүкті, айтарлықтай жылдамдықпен тасымалдау мүмкіндігі.

Жүктерді тасымалдаудағы шығындардың салыстырмалы кестесі

	1 ткм және 1 т шаққанда тасымалдау шығындары			
Тасымалдау түрлері	тг/ткм	Салыстырмалы деңгейі (теңізбен-100%)	тг/т	Салыстырмалы деңгейі (автокөлікпен-100%)
Автокөлік	7,555	1467	315,8	100
Әуе жолы	62,65 5	12166	18765,0	59500
Теміржол	0,780	152	1024,0	324
Теңізбен	0,515	100	1777,5	563
Өзенмен	0,965	187	586,5	186

Логистикалық тасымалдау тізбегіндегі қосалқы жүйелер ықшамдылығына әсер берер көрсеткіштер

Қосалқы жүйелер	Көрсеткіштер	
	Ықшамдылық өлшемдері (мөлшерлер, нормативтер)	Қалыптастырушы
Сыртқы орта	<ol style="list-style-type: none"> 1. Көлік жұмысы сапасы. 2. Тасымалдау тұрақтылығы 3. Тасымалдау бағасы . 4. Жүктің сақталуы және т.с.с. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жүк тасымалдау сұранысы. 2. Көліктің жұмыс өлшемдері. 3. Қозғалыс кестесі. 4. Бағалары өлшемдері мен мөлшерлері.
Мақсаты	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жүкті тасымалдау уақыты. 2. Логистикалық жүйенің өңдеу мүмкіндігі. 3. Өзіндік құны, тарифтер. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жүк тасымалдау көлемі. 2. Инвестиция мөлшері.
Функционалды-басқарушы	Басқару шешімдері сапасы.	


Алдыңғы кестенің жалғасы

Қамтамасыздандырушы

1. Логистика жүйесінің өңдеу мүмкіндігі.
2. Жылжымалы құрамның жүкті өңдеу, сақтау орынында болған уақыты.
3. Жүк тасымалдаудың өзіндік құны.
4. Жүкті реттеп , өңдеу мүмкіндігі.
5. Электроэнергия шығыны.
6. Жанар-жағар май шығыны.
7. Жұмысшылар саны.
8. Қор қайтарымдылығы т.б.

1. Логистика жүйесінің резерві.
2. Тиеп-түсіру механизмдер саны.
3. Ішкі қойма тиеу-түсіру механизмдер саны.
4. Қойма алаңы мөлшері.
5. Қойманың ені.
6. Қоймадағы жүк қояр қатар сандары.
7. Жүкті өңдеу, сақтау орынының тәуліктегі жұмыс уақыты.

Автокөлікпен тасымалдау жүйесі циклының жиынтығы



ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ !!!